

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.3 – Б.32-34

ВІМ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚАЗАҚСТАНҒА ЕНГІЗІУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАР

Әділ Ә.

ВІМ-ның ағылшын тіліндегі толық атауы “Building Information Modeling”. ВІМ деректерді басқару құралдары инженерлік жобалау және салу кезінде пайдаланылатын тәсіл.

Астанада ҚР өңірлік дамыу министрі Болат Жәмішевтің төрағалығымен Қазақстандағы құрылысқа заманауи ВІМ-технологияларды енгізу қарастыру мәселесі бойынша жиын өтті [1]. Ал ВІМ технологиясын бір мемлекетке енгізу оңай шаруа емес. Оны енгізу үшін шетел тәжірибиесі негізінде Қазақстанда құсыныс олданду туралы жасауға болады.[2]

Ал шетел тәжірибиесіне көз салсақ ВІМ Америкадан бастап дамып Еуропа және Қытай елдеріне дейін жалпыласқан. Бұның ішінде Қытай дүние жүзіндегі ең үлкен құрылыс нарығына айналып отыр. 2010 жылдан бастап қазірге дейін ВІМ-нің Қытайдағы ең тез дамыған кезеңі болды. Осы жылы "жаңалық жүлдесі" атты ВІМ жобалау жарысы тұңғыш рет жүргізіліп, 100 ден астам компания мен 200 ден астам ВІМ-жобалары қатысқан.

Ал қазірге дейін 5 жыл ішінде жылдан жылға дамып көптеген нәтижелерге қол жеткізді. Бұл құрылыс саласындағы бір үлкен техникалық төңкеріс болып саналады. Ол жаңаланып өзін-өзі кемелдендіріп отыруы қажет.сондықтанда [3]. ВІМ бір мемлекетте кеңінен таралып табан тіреп тұруы үшін ұзақ жылдарды қажет етеді.ВІМ техникасын жалпыластыруға тек ғана компаниялар ғана емес, мемлекеттегі бүкіл жоғарғы оқу орындары бірге ат салысты.

Қытайда жоғарғы оқу орындары студенттер мен магистранттардың ВІМ-ға деген қызығындылығын арттыру үшін, арнайы ВІМ жаңалық жарату орталығы құрылған [4]. ВІМ технологиясы мен айналысқан компаниялар бірілесіп қаржы шығарып, жоғары оқу орындарынан тіпті де көп ВІМ дарындыларын тәрбиелеуге көмек жасады, әр жылы түрлі жарыстар оздырып, жүлдеді болғандарды сипап отырып, қызығындылығын арттырған осы арқылы компаниялар болашақта өздеріне тіпті де көп дарындылар енгізуге негіз қалады.

2015 жылы 22 қыркүйек күні "Қытай ВІМ бағдарламасы экологиялық ортасы" атты жиналысы Пекинде өткізілді [5]. Мұнда Қытайдың тұңғыш рет өздері тапқырлап шыққан ВІМ жүйесінде қолданылатын ең жаңа бағдарлама жарияланды. Бұл жиналыста көптеген шетел компаниялары және құрылыс саласындағы мыңдаған инженерлер мен мамандар қатысып, барлығы бірілесіп, ВІМ экологиялық ортасын құруға келісті. ВІМ қытайдағы құрылыс

саласында көптеген қолайлылық жаратып, кірісті үнемдеп, экономикалық дамуына өзіндік үлес қосқан.

Ең алдымен Қазақстандағы студенттердің ВІМ-ді тану дәрежесімен іс-жүзіндегі қолданылу жағдайын білу үшін студенттер мен мамандар арасында сауалнама жүргізуді және осы арқылы көптеген студенттер бір немесе екі ВІМ технология қосымшаларын білетінін, бірақ өздерінің қолдана алмайтынын және оған қызықпайтынын, сонымен қатар студенттердің ВІМ-нің болашақтағы маңызын түсініп жетпегендігін білдік. Ал қатысты органдар мен компанияларға келсек, олар әлі ВІМ-ді қолданбаған, бірақ оның маңыздылығы және болашақта ВІМ арқылы жұмыс істейтініне көздері жеткен.

Сауалнама нәтижелерін ескере отырып, Қазақстанның жалпы жағдайы жайлы SWOT талдауы жасалды (1 кесте) :

Күшті жақтары	Әлсез жақтары
Мемлекеттің тиімді саясаттары	Дарындылардың жетіспеуі
Мүмкіндіктері	Қауіптері
Көптеген адамдардың жұмыспен қамтамасыз етілу орайын арттыру	Түрлі экономикалық дағдарыстар

Қазіргі кезеңде біз міндетті түрде SWOT талдау бойынша ішкі жақтағы жетіспеушілікті жетілдіріп, артықшылықты арттыру және сыртқы орайдан пайдаланып дағдарыстан сақтану қажет. Осыған негізделе отырып, Қазақстанға ВІМ технологиясын енгізу жайлы ұсыныстар :

1. Жоспарды жүзеге асыру үшін әрқайсы қатысты органдардағы қызметкерлердің білімін асырып жаңалыққа жетілдіру қажет (жастардан бастап ұстау қажет).

2. ЖОО-ғы студенттер арасында көптеп үгіт жасап қатысты сабақ ашылуы керек. Сонымен қатар, оларды болашақ дарындылар етіп тәрбиелеуге тырысу қажет.

3. ВІМ технологиясын тек құрылыс саласында ғана емес басқа да салаларға қоса дамытуды дәріптеу керек (математика және информатика мамандар арасында).

4. Жоғары оқу орны және қатысты орган немесе компаниялар бірлесуі қажет. ВІМ технологиясын жеке дара дамытуға болмайды, өзараселбесіп сәйкескенде ғана нысанаға жетуге болады.

Әдебиет тізімі

1.ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>

2.Kurmanova G., Iop. Regulation of land attitudes in Kazakhstan // 7th IGRSM International Remote Sensing and GIS Conference and Exhibition; Institut G. и др. -- Т. 20: IOP Conference Series-Earth and Environmental Science -- Kuala Lumpur, MALAYSIA, 2014.

3. 欧特克软件公司. BIM在建筑设计企业的实施.全国工程设计技术创新大会论文集. -北京=Autodesk компаниясы. BIM-құрылыс жобалаудың қолданылуы. Мемлекеттік инженерлік жобалау жиналысындағы құжаттар. - Пекин, 2011.

4. 中华人民共和国住房和城乡建设部.中国建筑施工行业信息化发展报告. -北京=ҚХР тұрғын үй және құрылыс министрлігі. Қытай құрылыс саласын ақпараттандыру туралы доклад. - Пекин, 2015.

5. “BIM 深度应用与发展”编./中国建筑施工行业信息化发展报告. -北京=BIM-ді тереңдете қолдану және дамыту ұйымы. Қытай құрылыс саласын ақпараттандыру туралы доклад. – Пекин, 2015.

Ғылыми жетекшісі: Құрманова Г.К.